

Бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 685 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 желтоқсанда № 12474 болып тіркелді.

**ЗКАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрық 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 70-20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика

министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауга жатады.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 3 желтоқсандағы  
№ 685 бұйрығымен  
бекітілген

**Бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - КР Энергетика министрінің 19.03.2021 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заны (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 70-20 ) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бірыңғай сатып алушы – осы Заңда көзделген тәртіппен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алушы және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын занды тұлға;

2) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі тенгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

3) уәкілді орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) электр қуатына болжамды сұраныс – Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің қажетті электр қуатының резерві және электр энергиясының көтерме нарығы субъектілерінің электр қуатын тұтынуының жылдық ең жоғарғы көлемінің болжамын айқындастын жүйелік оператормен әзірленетін құжат;

5) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет – белгіленген тәртіпте жүктемені көтеруге аттестатталған генерациялық қондырғының электр қуатының дайындығын ұстап тұру бойынша энергия өндіруші кәсіпорынмен бірыңғай сатып алушыға көрсетілетін қызмет;

6) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет – Қазақстан Республикасы бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде белгіленген тәртіпте жүктемені көтеруге аттестатталған генерациялық қондырғылардың электр қуатының дайындығын ұстап тұруды қамтамасыз ету бойынша бірыңғай сатып алушымен көрсетілетін қызмет;

7) электр қуатының орталықтандырылған саудасы – электронды сауда жүйесінде электр қуатының дайындығын ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке бірыңғай сатып алушымен энергия өндіруші кәсіпорын арасындағы келісім жасауға бағытталған жүйе.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

**2-тарау. Алдағы күнтізбелік жылдың жүктемесін көтеруге электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеу тәртібі**

3. Алдағы күнтізбелік жылға арналған электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуді (бұдан әрі – қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке баға) бірыңғай сатып алушы мыналарды:

1) электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша қалыптасқан электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке орташа алынған бағаны;

2) бірыңгай сатып алушы жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған тендерлердің жеңімпаздарымен, сондай-ақ аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарымен, уәкілетті органмен жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) сатып алуға инвестициялық келісім жасасқан жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен, сондай-ақ отынның баламалы түрі ретінде газ пайдаланылатын генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және (немесе) кеңейтуге инвестициялық келісім жасаған жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен, сонымен бірге құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы барлық шарттардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке орташа алынған бағаны;

3) көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушылардың тұтынуға қатысты болжамды өтінімдерді;

4) алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға арналған электр қуатына болжамды сұранысты;

5) бағаны есептейтін жылдың алдындағы жыл үшін электр қуаты нарығындағы бірыңгай сатып алушының қызметі бойынша аудиторлық есеппен расталған он қаржылық нәтижені негізге алып жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің м.а. 30.11.2022 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Бірыңгай сатып алушы алдағы күнтізбелік жылға қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны мына формула бойынша есептейді:

$$\Pi = \frac{\sum_{j=1}^m P_j * \Pi_j * M_{12} + \Delta_{E3} - \Delta_{\text{прев}}}{\sum_{i=1}^n P_{\text{абс.}i} * M_{12}},$$

мұнда:

$\Pi$

– алдағы күнтізбелік жылға арналған қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы, айна бір МВт үшін теңгемен;

$$\sum_{j=1}^m$$

– j бойынша сома;

*j*

– 1-ден *m*-ге дейін өзгеретін реттік;

*m*

– бірыңгай сатып алушы мен энергия өндіруші үйымдар арасында жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы қолданыстағы шарттардың жалпы саны;

$P_j$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметті сатып алу туралы қолданыстағы *j*-шартта алдағы күнтізбелік жылға көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтің көлемі, МВт-пен;

$\Pi_j$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы *j*-том қолданыстағы шартта алдағы күнтізбелік жылға көрсетілген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы, айна бір МВт үшін теңгемен;

$M_{12}$

– күнтізбелік жылдың ұзактығы, айлармен;

$\Delta_{E3}$

– электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығындардан басқа, Бірыңгай сатып алушының алдағы күнтізбелік жылда электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты экономикалық негізделген шығындары, теңгемен;

$\Delta_{pe3}$

– баға есебі жүзеге асырылатын жылдың алдындағы жылға электр қуаты нарығында бірыңгай сатып алушының көрсетілетін қызметі бойынша аудиторлық есеппен расталған оң қаржылық нәтиже, теңгемен.

$\Delta_{pe3}$

үшін қаржылық нәтиже:

бірыңгай сатып алушының тиісті жылға бағаны бекіту кезінде ескерілген шығындардан аспайтын іс жүзінде шеккен операциялық шығындары;

уәкілетті органның тапсырысы бойынша алдын ала техникалық-экономикалық негізденмені әзірлеуге арналған жабылмаған шығындар;

есептік корпоративтік табыс салығы шегеріле отырып, бірыңғай сатып алушының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі қызметінің жалпы нәтижесі және электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көрсету негізге алынып қалыптастырылады;

$\Sigma_{i=1}^n$

– i бойынша сома;

i

– 1-ден n-ге дейін өзгеретін реттік нөмір;

n

– "Электр қуатының нарығын үйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығына (бұдан әрі – Электр қуатының нарығын үйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) сәйкес жүйелік оператор ағымдағы күнтізбелік жылы әзірлеген, алдағы және кейінгі күнтізбелік жылдарға арналған электр қуатына тиісті болжамды сұранысқа сәйкес көтерме сауда нарығы субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші үйымдардың және тұтынушылардың жалпы саны;

P<sub>абс.i</sub>

– Электр қуаты нарығын үйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылы жүйелік операторға жіберілген көтерме сауда нарығы субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші i-үйымдардың және тұтынушылардың тұтынуға арналған тиісті болжамды өтінімде көрсетілген тұтынудың алдағы күнтізбелік жылдағы ең жоғары электр қуаты.

**3-тарау. Алдағы күнтізбелік жылға қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны интернет-ресурсында орналастыру тәртібі**

5. Бірыңғай сатып алушы жыл сайын 1 желтоқсанға дейін алдағы жылға қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны негізденмелі есептемелерімен бірге өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген негізденмелі есептемелер, осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген барлық формула компоненттерін нақтылауымен бірыңғай сатып алушының интернет-ресурсында орналастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК